



6

ЖИЫН-ТЕРІН АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН



Қазіргі таңда ең өзекті міндеттің бірі — агро-хабтар және логистика орталықтарын дамыту. Атап айтқанда, шетел инвесторларымен серіктестікті нығайту керек. Бірақ бұл жерде бір нәрсені ескеру қажет: отандық кәсіпкерлер қазіргі заман талабын дұрыс түсінбесе, яғни жасанды интеллектіні қалайша тиімді пайдалануға болатынын білмесе, табысты бизнес серіктестігін құра алмайтыны анық.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Біздің оқырман

«АКТӨБЕМЕН» БІРГЕ ЕЛ ТЫНЫСЫН СЕЗІНЕМІН

Жомарт
ҰСНАДИНОВ,
еңбек ардагері



«Ақтөбе» газетінің әр санын асыға күтемін. Бұл басылым мен үшін ел өмірінің айнасы іспетті. Газет бетінде жарияланатын шынайы, халықтың тыныс-тіршілігін бейнелейтін мақалаларды ерекше бағалаймын.

Үйімізде немерелеріммен бірге газет оқу — дәстүрге айналған игі іс. Осы арқылы жас ұрпаққа ел мен жерге деген сүйіспеншілікті, ақпаратқа құрметпен қарауды үйретуге тырысамын.

Шалқарда туып-өскенмін, көп жыл бойы Хромтау ауданында ветеринар дәрігер болып еңбек еттім. Оның ішінде Жамбыл атындағы колхозда бас мал дәрігері болып қызмет атқарғанымда киелі Ойсылқара өңірінің тарихымен терең таныстым.

Қазақтың белгілі ақыны Әкімәлі Қаржауов осы аймақта туып-өскен. Ал менің әкем Жәмеш Жақасов өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында Қазақ мемлекеттік университетін бітірген кезде профессор Бейсенбай Кенжебаевтың жетекшілігімен қуғын-сүргін құрбаны болған ақынның шығармашылығын зерттеп, өлеңдерін жинақтап, диплом жұмысын қорғады. Мен осы өңірде Әкімәлінің ұрпақтарымен кездестім, қызметтес болдым...

«Ақтөбе» газеті де арқалы ақын туралы тұрақты жазып келеді...

Қазір салауатты өмір салтын ұстанып, бос уақытымды тиімді өткізу үшін аудандағы ардагерлер кеңесінің мүшесі қатарында шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық және зияткерлік ойындармен айналысамын.

Өз басым «Ақтөбе» газетінің халықпен тығыз байланыста болып, өмірдің өзекті мәселелерін көтеріп, елмен бірге тыныстап келе жатқанына ризамын. Осындай шынайы басылымның адал оқырманы болу — мен үшін үлкен мәртебе.

Хромтау ауданы.

«Ақтөбе» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты		Бағалар	
			қала	ауыл
65420	Жеке тұлғалар үшін	12 ай	17 311,98 тг	17 311,98 тг
		6 ай	8 655,99 тг	8 655,99 тг
66420	Заңды тұлғалар үшін	12 ай	25 086,96 тг	20 383,98 тг
		6 ай	12 543,48 тг	10 191,99 тг
67420	Жеңілдікпен алушылар үшін	12 ай	15 487,98 тг	15 487,98 тг
		6 ай	7 743,99 тг	7 743,99 тг



Көрсетілген байланыс телефондары арқылы жазылуға қатысты толық ақпаратты ала аласыздар:

8 (7132) 90-71-67 (редакция),

8 (7132) 90-12-19 («Қазпошта» АҚ).

ЖАЗЫЛУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ!

Жоба

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІ ЖЕКЕМЕНШІККЕ БЕРІЛГЕН КЕЗДЕ ОЛАР ҮШІН ТӨЛЕМАҚЫНЫҢ БАЗАЛЫҚ СТАВКАЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ»

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2011 жылғы 12 қазандағы №328 және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы №415 бірлескен қаулысына және шешіміне өзгеріс енгізу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жекеменшікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» Ақтөбе облысы әкімдігінің 2011 жылғы 12 қазандағы №328 және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы №415 (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3378 болып тіркелген) бірлескен қаулысына және шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

бірлескен әкімдіктің қаулысы мен мәслихаттың шешімінің қосымшасында:

Ақтөбе қаласы бойынша:

1-жол жаңа редакцияда жазылсын:

«

1	Ақтөбе қаласы	2450
---	---------------	------

» ;

2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі А.ШАХАРОВ.

Облыстық мәслихаттың төрағасы Г.СҮЙІНТАЕВА.

«ҚОБЛАНДЫ» ЖШС

жобаны талқылау мақсатында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды: «Кубасай» алаңында №Г-25к ұңғымасын консервациядан шығаруға арналған жеке техникалық жобаға» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары.

Қоғамдықтың басталу күні мен уақыты: 17.11.2025ж. сағат 10.00-де

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/84160355636?pwd=Bl0Leuiv6lQNb0W2qeNMeY3xRbVJco.1>

Конференция идентификаторы: 841 6035 5636

Кіру коды: a06er0

Қоғамдық тыңдауды өткізу орны: Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қараой а. о., Қараой ауылы, Жасқайрат көшесі, 26, ауылдық мектеп (акт залы)

Әсер ету аумағы: Ойыл ауданы, Қараой с. 49°28 ' 53 «с.е. 54°00 '52» ш.б.

Бастамашы «Қобланды» ЖШС, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 7, Нұрлы ТАУ БО, 5 А блок, 2-қабат, 106-кеңсе, БСН 060540007302, Тел: 8-775-535-53-69, электронды мекенжайы: dastankz@gmail.com

Жобаны әзірлеуші — «АктюбНИГРИ» ЖШС, ҚР. Ақтөбе қаласы, Ө.Бөкейханов көшесі, 17, БСН 981140002504 тел.: 8-701-446-05-26, электронды мекенжайы: geolog@anigri.kz.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында (<https://ndbecology.gov.kz/>) және жергілікті атқарушы органның сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> танысуға болады.

Қосымша ақпаратты электронды пошта арқылы nurikkou@mail.ru және 8-701-446-05-26 телефоны бойынша алуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ қабылдайды expert_oos@mail.ru Ақтөбе қаласы, Өбілқайыр хан даңғылы, 40 мекенжайы бойынша.

«ҚАЗХРОМ» ТҰК» АҚ

Донской КБК — филиалы Ақтөбе облысының Хромтау ауданындағы «ҚазКСР-нің XX жылдары» кен орнының «карьердің» хром кендерін өндірудің салдарын жою жөніндегі жұмыстардың жобасына «ТҰК» АҚ Донской КБК-ның «Донской» кенішіне ықтимал әсерлері туралы есеп бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталу күні, уақыты және орны:

17.11.2025 ж. сағат 11.00-де (жергілікті уақыт бойынша): Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Әйтеке Би көшесі, 46Б, Кеншілер мәдениет үйі, сондай-ақ бейнеконференцбайланыс арқылы (Zoom video Communications бағдарламасының көмегімен <https://erg.zoom.us/j/89790642811?pwd=RTdmxVp3GvYrW86WeFNAqnm43RzfAh.1>, конференция идентификаторы 89790642811, кіру коды: 222399).

Жоба бойынша құжаттама ҚО ТРЖТ ҰДБ <https://hearings.ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Өбілқайыр хан даңғылы 40, тел. 8 (7132) 55-09-23 E-mail: aktobe.urgtrp@yandex.kz «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Қосымша ақпаратты есепті әзірлеушіден алуға болады: «Азия – Эксперт» ЖШС, БСН 191040017945, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы, м-он 15, 33-үй 25-пәтер, E-mail: asia-expert_19@mail.ru.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы — «Қазхром» ТҰК» АҚ Донской КБК — ФИЛИАЛЫ, БСН 021041001594, 031100, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25, +7 (71336) 2-13-72 (қабылдау бөлмесі), E-mail: dgok@erg.kz.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша ММ ҚР ЭГЖТРМ Экология реттеу және бақылау бастамашы «Актюбинский филиал компании «Алтиес Петролеум Интернэшнл Б.В» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Өндірістік және тұрмыстық қалдықтар мен ағындарды қайта өңдеу жөніндегі қондырғы».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-aidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды ҚР ЭГЖТРМ Экология реттеу және бақылау комитеті электронды мекенжайда жүзеге асырады kerk@ecogeo.gov.kz және немесе 010000, Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі, 8, Министрліктер үйі, 14-кіреберіс.

Байланыс деректері: 8 (7172)74-08-47.

Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе жоғары медициналық колледжінің оқушысы **Таңайым Алпамысқызына** 2024 жылы берілген студенттік билеттің жоғалуына байланысты жарақсыз деп танылсын.

Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе жоғары медициналық колледжінің оқушысы **Шапағат Жаңабаеваға** 2024 жылы берілген студенттік билеттің жоғалуына байланысты жарақсыз деп танылсын.

ЖАРНАМА**БӨЛІМІ****90-71-55**aktobesmi@mail.ru

Облыстық ардагерлер кеңесі еңбек ардагері Сұлупан Панақызы Шынтасоваға сіндісі
Құралай Панақызы ОРАЛБАЕВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**Ақтөбе**

Меншік иесі:
«АҚТӨБЕ МЕДИА»
ЖШС

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ ГАЗЕТ

Газет «Құрмет белгісі»
орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70VPU00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың орынбасары

Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы

Динара САҢҒУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ
БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер
Мейрамгүл САТАЕВА

Кәмшат ҚОПАЕВА,

Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ

ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Нұрмұханбет ДИЯРОВ,

Ақбота ҚАЛДЫБЕК,

Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ

Тілшілер Индира ӨТЕМІС,

Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші

Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші

Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар

Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА,

Ақзат ЖИЕНАЛИНА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар – Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Ө.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы,
Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.

Сайт: www.aqtobegazeti.kz

E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 11680 Тапсырыс №1153

Немірдің кезекші редакторы
Нұрмұханбет ДИЯРОВ